

**REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 5 (2014), 116 – 119

UDC: 340.141.(574)

THE JUDICIAL SYSTEM OF THE TURKESTAN ASSR

U.A. Akhatov, E. Ondashuly

Kazakh National university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Keywords: management system, judicial authorities, customs, executive body, legislative activity, justice.

Abstract. In article features of emergence and functioning of judicial authorities which have special value and a role in a management system of the Turkestan SSR, founded April 30, 1918, are regarded. Elevation of the Soviet Union suspended the functions of judicial institutions existing till this time in region of Turkestan, in particular, the function of judicial districts, judicial chambers and all warships. Instead, they started functioning courts elected by democracy. According to reform, the basis of the bottom judicial system was made by world courts. In the beginning functions of local world judges carried out local councils, in particular, regional and district, and at their absence of their duty were assigned to the county, city and district courts and Councils of deputies of workers, soldiers and peasants. The development of judicial system of the Republic of Turkestan was closely connected with Sharia which was formed in this area for centuries, politicians of the Russian Empire gradually disbanded courts of judge (biy) and promoted influence of the new judicial system introduced by Russia, establishment and further development of the Soviet power.

ӘОЖ: 340.141.(574)

ТҮРКІСТАН АССР-ІНІҢ СОТ ЖҮЙЕСІ

У.А. Ахатов, Е. Оңдашұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71

Тірек сөздер: басқару жүйесі, сот органдары, әдет-ғұрып, атқару комитеті, зан шығару қызметі, сот әділдігі.

Андратпа. Маңдара 1918 жылы 30 сәуірде құрылған Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасының басқару жүйесінде ерекше орны мен маңызы бар Сот органдарының қалыптасуы мен қызметтің өрекшеліктері қарастырылады. Кеңес өкіметтің орнауы Түркістан өлкесінде сол уақытқа дейін қызмет етіп келген сот мекемелерін, атап айтқанда округтік соттар, сот палаталары мен барлық әскери соттардың қызметтері тоқтатылды. Олардың орнына демократиялық жолмен сайланатын соттар қызмет ететін болды. Реформаға сәйкес тәменгі сот жүйесінің негізін участкелік мировой соттар құрады. Бастапқыда участкелік мировой соттардың қызметтің жергілікті кеңестер, атап айтқанда аудандық және облыстық, ал олар болмаған жағдайда уездік, қалалық және облыстық Жұмысшылар, Солдаттар мен Шаруалар депутаттарының Кеңесі аткарды. Түркістан Республикасының сот жүйесінің дамуы, бастапқыда өлкеде ғасырлар бойы қалыптасқан шариат және билер сотының Ресей Империясы ұсынған саясаттың арқасында бірте-бірте өзінің әсерін жоюы және Ресей енгізген жаңа сот жүйесінің әркет етуі, кейінгі кезеңде өлкеде Кеңес өкіметтің орнауы мен оның одан әрі дамуымен тығыз байланыста болды.

Ресей Империясының XIX ғасырдың орта шегінде Орта Азия елдерінде жүргізген бодандық-жаугершілік саясатының негізінде Ресейлік Түркістан өлкесі құрылған болатын. Оның құрамына

Орта Азиялық бірнеше ұлттар мен ұлыстар кірді. Соның ішінде қазіргі Қазақстанның онтүстік аймақтарының жерлері де кірді. Өлкө ендігі жерде ғасырлар бойы қалыптасқан басқару жүйесінен Ресей Империясы бекіткен және соған тиімді басқару жүйесіне көше бастады.

Патшалық Ресей өлкедегі өз жақтастарына сүйене отырып маңызды әкімшілік реформаларды жүзеге асыра бастады. Бастапқыда Түркістан өлкесі 1867 жылы дайындалған «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» жобасының негізінде басқарылды. Ереженің 6-шы бабына сәйкес Түркістан өлкесінде басқару жүйесі келесідей нысандада өрбіді: «Управление Туркестанского края составляют: 1) главное управление; 2) управлени отдельными частями разных ведомостей; 3) местные административные управления: а) областные, б) уездные, в) городские, г) сельские; 4) установление судебные». [1, Стр. 11].

Ресей Патшалығы өлкеде өз билігін орнатқанна кейін қоғамдық өмірдің басқа да салаларына әсерін тигізе бастады. Соңда негізгі салалардың бірі – сот әділдігі. Қандай қоғамда болмасын қоғамдық-мемлекеттік құрылымның басты элементтерінің бірі – сот жүйесі екені белгілі. Ресей Империясы Орта Азия елдеріндегі беделді шаригат және билер сотының әсерін төмендетуге бар күштерін салды. «Проектом Положения об управлении Сыр-Дарьинской и Семиреченской областями 1867 г. в судебное устройство колониального Туркестана были внесены существенные изменения: Туркестанский край в течение 20 лет управлялся на основе этого проекта, который до 1886 г., т.е., до издания Положения об управлении Туркестанским краем, так и не получил законодательного утверждения. Судебная власть в Туркестане по проекту 1867 г. принадлежала:

- 1) уездным судьям;
- 2) областным управлениям на правах судебной палаты и съездам мировых судьей;
- 3) военно-судным комиссиям;
- 4) правительенному сенату;
- 5) так называемым «народным судьям» (казиям и биям).» [2, Стр. 10].

Ал, 1886 жылы қабылданған «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже» бойынша өлкеде екі сот жүйесі қызмет ете бастады. Бірінші жүйені Ресей Империясының заңдарымен әрекет ететін – мировой соттар, облыстық соттар мен Үкіметтік Сенат құрады. Ал, екінші жүйені жергілікті халықтың әдет-грыпина сәйкес шаригат және билер соты құрады. Ереже бойынша соңғыларды Халық соттары деп атады. [1, Стр. 58].

Айта кететін жайт, Түркістан өлкесінің Ресей Империясына қосылған сәттен бастап өлкеде Кеңес әкіметінің орнауына дейінгі аралықта шаригат және билер соттары немесе ресми тілде айтқанда Халық соттарының рөлі тәмен болды. Олардың құзіреттері қысқартылды, онда қаралатын істердің маңыздылығы тәмен болды. Аталған бағытта халық сотының беделін түсіруге бағытталған түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды.

Сот жүйесін одан әрі реформалау саясаты бойынша 1898 жылы арнайы заң қабылданды. «По закону 2 июля 1898 г. «О преобразовании судебной части в Туркестане и Степной области» судебная система была перестроена в соответствии с Судебными уставами 1864 г. и приняла следующий вид: мировые судьи, окружные суды (вместо областных) и судебные палаты.

Кроме того, в колониальном Туркестане действовали военные суды, игравшие значительную роль при карательных отрядах, направляющихся на подавление сопротивление народов против угнетения. В целях усиления и ускорения репрессий по делам о государственных преступлениях, действовало Особое присутствие военного суда. В его задачу входила жестокая расправа с борцами против классового и национального гнета». [2, Стр. 13].

Кеңес әкіметінің орнауы өлкеде жаңа сот реформасына алып келді. Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлар Кеңесі 1917 жылдың 12 желтоқсанында сот жүйесінің жаңа бағытын сілтейтін бұйрық шығарады. Бұйрыққа сәйкес сол уақытқа дейін өлкеде қызмет етіп келген сот мекемелерін, атап айтқанда округтік соттар, сот палаталары мен барлық әскери соттардың қызметтері тоқтатылды. Олардың орнына демократиялық жолмен сайланатын соттар қызмет ететін болды.

Аталған бұйрық бойынша тәменгі сот жүйесінің негізін участкелік мировой соттар құрады. Олардың судьялары тікелей демократиялық жолмен сайланатын болды. Оған сайлау құқығына ие ер және әйел адамдар жіберілді. Бастапқыда участкелік мировой соттардың қызметін жергілікті кеңестер, атап айтқанда аудандық және облыстық, ал олар болмаған жағдайда уездік, қалалық және облыстық Жұмысшылар, Солдаттар мен Шаруалар депутаттарының Кеңесі атқарды. [3, Ф. СНК;

Оп., 1, д.19. л.33.]

Түркістан өлкесінде кеңес өкіметінің орнауының бастапқы кезеңдерінде сот органдарының басты мақсаты және міндепті кеңестік жүйеге қарсы күштермен күресу болды. Сол мақсатта республикада тез арада түрлі сот органдары құрыла бастады. «Не дожидаясь директив из центра, трудящиеся массы во главе с местными Советами создавали на местах свои революционные суды, в которых основная роль отводилась представителям трудового народа.

Народный комиссариат юстиции Туркестанской республики в своем отчетном докладе отмечает руководящую роль местных Советов в создании новых судов. Эти суды, действовавшие по указаниям Советов, так «быстро возникали в разных местах края, что отделы юстиции, как указывалось в докладе, ... не были даже в состоянии учесть, сколько им подведомственно судов», количество и состав». [2, Стр. 23].

Жалпы Түркістан республикасының сот жүйесі толығымен Орталықтың, Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының сот жүйесіне сәйкестендірілген болатын. Сот жүйесі жеке дара билік тармағына айнала қоймады. Сот органдары мемлекеттік басқару жүйесіне сәйкес Әділет Халық Комиссариатының құрамында болатын. Түркістан республикасының 1918 жылғы Конституциясына сәйкес «Ведению Туркестанского съезда и Туркестанского Центрального Исполнительного Комитета Советов подлежат все вопросы общегосударственного значения, как то:

ж) изменения оснований судоустройства и судопроизводства гражданского и уголовного, равно гражданских и уголовных законов, применительно к бытовым особенностям Республики». [4, Стр. 11].

Түркістан республикасының 1920 жылғы Конституциясында сот жүйесі көп өзгерістерге ұшырай қоймады. Сот әділдігін жүзеге асыру Әділет Халық Комиссариатының құзырында болды. Ал жалпы басшылықты жүзеге асыру, әрине Түркістан Кеңестерінің съезді мен Түркістан Орталық Атқару Комитетіне тиесілі болды. «Ведению Туркестанского Съезда Советов и Туркестанского Центрального Исполнительного Комитета Советов подлежат все вопросы общегосударственного значения, как то:

ж) право установления правовых норм и оснований судоустройства и судопроизводства применительно к правосознанию трудящегося населения Республики». [5, Стр. 9].

Корыта келгенде, Түркістан Республикасының сот жүйесінің дамуы, бастапқыда өлкеде ғасырлар бойы қалыптасқан шаригат және билер сотының Ресей Империясы ұсынған саясаттың арқасында бірте-бірте өзінің әсерін жоюы және Ресей енгізген жаңа сот жүйесінің әркет етуі, кейінгі кезеңде өлкеде Кеңес өкіметінің орнауы мен оның одан әрі дамуымен тығыз байланыста болды. Сот жүйесінің құрылымы мен қызмет етуі тікелей орталықпен тығыз бағыныштылықта болды. Кеңестік Түркістанда сот жүйесі кеңестік билікке қарсы шығушылармен күрес жүргізуге бағытталды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Абрамов И.Ф. Положение об управлении Туркестанского края. – Ташкент, 1916. – 258 стр.
- [2] Сулайманова Х.С. Создание и развитие Советского суда в Туркестанской АССР (1917-1924 гг.). – Ташкент: Изд. АН УзССР. – 1954. – 324 стр.
- [3] ЦГА Республики Узбекистан. Ф. СНК; Оп., 1, д.19. л.33.
- [4] Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая VI-м Туркестанским Съездом Советов от 15 октября 1918 года. – Ташкент, 1918. – 19 стр.
- [5] Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая IX-м Туркестанским Съездом Советов от 24 сентября 1920 года. – Ташкент, 1920. – 19 стр.

REFERENCES

- [1] Abramov I.F.Polozhenie ob upravlenii Turkestanskogo kraya.-Tashkent,1916.-258 str.
- [2] Suleimanova X.S. Sozdanie i razvitiye Sovetskogo suda v Turkestanskoi ASSR (1917-1924gg.).-Tashkent:Izd.AN UzSSR.-1954.-324str
- [3] TSGA Respublika Uzbekistan.F.SNK;Op., 1,d.19.1.33.
- [4] Konstitutsiya Turkestanskoi Respublika Rossiiskoi Sotsialisticheskoi Sovetskoi Federatsii,prinyataya VI-m Turkestanskim S'ezdom Sovetov ot 15 oktyabrya 1918 goda.-Tashkent,1918.-19str.

[5] Konstitutsiya Turkestanskoi Respublika Rossiiskoi Sotsialisticheskoi Sovetskoi Federatsii, prinyataya IX-m Turkestanskim S'ezdom Sovetov ot 24 oktyabrya 1920 goda.-Tashkent, 1920.-19str.

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА ТУРКЕСТАНСКОЙ АССР

Ахатов У.А., Ондашұлы Е.

Ключевые слова: система управления, судебные органы, обычаи, исполнительный орган, законодательная деятельность, правосудие.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности возникновения и функционирования судебных органов, которые имеют особенное значение и роль в системе управления Туркестанской Советской Социалистической Республики, основанная 30 апреля 1918 года. Воздвижение Советского Союза приостановило функции судебных учреждений, существовавшие до этого времени в Туркестанском крае, в частности, функции судебных округов, судебных палат и всех военных судов. Вместо них начали функционировать суды, избранные путем демократии. Согласно реформе, основу нижней судебной системы составляли мировые суды. Вначале функции участковых мировых судей выполняли местные советы, в частности, районные и областные, а при их отсутствии их обязанности возлагались на уездные, городские и областные суды и Советы депутатских Рабочих, Солдатов и Крестьян. Развитие судебной системы Республики Туркестан было тесно связано с шариатом, который формировался в данной местности веками, политики Российской империи постепенно расформировали суды биев и способствовали воздействию новой судебной системы, внедренной Россией, установлению и дальнейшему развитию Советской власти.

АХАТОВ У.А.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ-дың МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОР м.а., З.Ф.К.

ОНДАШҰЛЫ Е.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ-дың МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ АССИСТЕНТІ, ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАГІСТРИ